

## **КМҚК «Құрылыс колледжі»**

### **Колледжшілік «Жемқорлықсыз ел, гүлденген-ел!» тақырыбында оқытушылар және студенттер арасында онлайн эссе байқауын өткізу туралы Ереже**

#### **1. Жалпы ережелер**

Бұл ереже КМҚК «Құрылыс колледжі» оқытушыларының және студенттерінің арасында «Жемқорлықсыз ел, гүлденген ел» тақырыбында оқытушыларға және студенттерге арналған онлайн эссе байқауының мақсаты мен міндетін, шарттарын, өткізу тәртібін, таңдау өлшемдерін анықтайды.

#### **2. Мақсаты мен міндеттері**

2.1. Мақсаты: Колледж студенттеріне азаматтық-патриоттық және рухани-адамгершілік тәрбие беру. Адалдыққа және өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту

2.2. Міндеттері: Отанға деген сүйіспеншілік, туған жерге деген адалдық және Қазақстан Республикасының заңдарын құрметтеуге тәрбиелеу; Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу; Студенттерді, жастарды шығармашылыққа тарту.

#### **3. Ұйымдастырушылар және қатысушылар**

3.1. Ұйымдастырушы КМҚК «Құрылыс колледж» әкімшілігі

Қатысушылар: КМҚК «Құрылыс колледжі» оқытушылары және студенттері.

#### **4. Өткізу шарттары мен тәртібі.**

4.1. «Жемқорлықсыз ел, гүлденген-ел!» тақырыбында оқытушылар және студенттері арналған онлайн эссе байқауы 2020 жылғы 5-15 мамыр аралығында өткізіледі.

4.2. Байқау жұмыстары электронды нұсқада [terlikbaeva2012@mail.ru](mailto:terlikbaeva2012@mail.ru) почтасына 2020 жылғы мамырдың 5 бастап 15 мамырға дейін тапсырылады байланыс телефоны: 87752804255.

Байқауға қатысу үшін келесі құжаттарды жіберу қажет:

- 1) Қосымшаға сәйкес өтініш;
- 2) электронды нұсқада конкурс жұмысы.

Ұйымдастыру бөлімімен құрылған арнайы комиссия мүшелеріне 15 мамырға дейін түскен жұмыстары қаралады және бағаланады.

Колледжшілік ұйымдастыру комиссиясына 2020 жылдың 15 мамырынан кейін тапсырылған байқау жұмыстары қаралмайды.

4.3. Байқауға жіберелген материалдар қайтарылмайды.

## 5. Байқау талаптары.

5.1. Байқауға ұсынылған эсселер келесі талаптарға сай болуы керек; эссе өз бетінше жазылуы керек; эссе мазмұны байқау тақырыбын ашуы керек; негізгі ойлар; қорытындылар мен ұсыныстар ерекше болуы керек; байқау жұмыстары бұрын еш жерде жарияланбаған болуы қажет.

5.2. Жұмыс Word форматында. Times NewRoman 14 өлшемі, бір жол аралықпен, мәтінді туралау- парақтың ені; жиектер; сол жақтан-2,5 см, оң жақ, үстіңгі және астыңғы жақ- 1,5 см. Жұмыс көлемі А4 форматты 4 беттен аспау керек. Авторды, жұмыстың атауын, эпиграфты қажет болса көрсету керек, эссе мәтінің еңгізу қажет.

## 6. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

6.1. Байқау қорытындысы бойынша комиссия мүшелері жеңімпаздарды анықтайды. Байқау жеңімпаздары оқытушылар арасынан I, II, III орынды мадақтама қағазымен марапатталады.

Байқау жеңімпаздары студенттер арасынан I, II, III орынды мадақтау қағаздарымен, жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хатпен марапатталады. Жүлдеге ие болмаған қатысушыларға байқауға қатысқаны туралы сертификаттар беріледі.

6.2. Жеңімпаздардың мадақтау қағаздары, жетекшілердің алғыс хаттары және қатысушылардың сертификаттары электрондық нұсқасы автоматты түрде көшіріп алу үшін әр қатысушының, жетекшінің электрондық почтасына жіберіледі және КМҚК «Құрылыс колледжі» [semstroy.kz](http://semstroy.kz) әлеуметтік желідегі парақшасына орналастырылады.